

**"Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелерін бекіту туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 488 бірлескен бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 08-1-1-1/24 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 45 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 07 ақпанда № 7416 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2013 жылғы 05 наурыздағы № 08-1-1-1/71 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 07 наурыздағы № 175 Бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 05.03.2013 № 08-1-1-1/71 және ҚР Ішкі істер министрінің 07.03.2013 № 175 Бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібін одан әрі жетілдіру  
мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 488 бірлескен бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6011 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2010 жылғы 7 шілдедегі № 10-құжатында жарияланған), мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған бірлескен бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықтағы:

2-қосымша мынадай мазмұндағы 48-тармақпен толықтырылсын:

«48. Иордан Хашимит Корольдігі».

2. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі

Е. Қазыханов

2012 жылғы 30 қаңтар

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

2012 жылғы 25 қаңтар

« К е л і с і л д і »

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ      қ а у і п с і з д і к      к о м и т е т і н і ң

т ө р а ғ а с ы

Н. Әбіқаев

2012 жылғы 30 қаңтар